

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 431 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 474 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 шілдеде № 11792 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 721 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 835 бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 15.12.2015 № 721 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2015 № 835 бірлескен бұйрығымен (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 11-бабы 1-тармағының 2)-тармақшасына, 13-бабы 3-тармағына, 15-бабының 1-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1 . Қ о с а б е р і л г е н :

1) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін осы бірлескен бұйрықтың 1 - қ о с ы м ш а с ы н а с ә й к е с ;

2) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тексеру парағының нысаны осы бірлескен бұйрықтың 2-қ о с ы м ш а с ы н а с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Осы бірлескен бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес тізімде көрсетілген кейбір бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде м е м л е к е т т і к т і р к е у д і ;

2) осы бірлескен бұйрықтың көшірмелерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне р е с м и ж а р и я л а у ға ж і б е р у д і ;

3) осы бірлескен бұйрықтың көшірмелерін оны алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

міндетін атқарушы

_____ М. Құсайынов

_____ В. Школьник

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің төрағасы

_____ С. Айтпаева

2015 жылғы 30 маусым

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушысының

2015 жылғы 30 маусымдағы № 474

және Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2015 жылғы 24 маусымдағы № 431

бірлескен бұйрығына 1-қосымша

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері 1.

Жалпы ережелер

1. Аталған қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – критерийлер) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тексеру субъектілерінің (объектілерінің) тәуекел дәрежесін анықтау үшін «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 343 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4554 тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық банкін қоспағанда) тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесіне сәйкес әзірленді.

2. Критерийлерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде адам өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдылығы;

2) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлері (бұдан әрі – объективті критерийлер) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей байланыссыз тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері (бұдан әрі – субъективті критерийлер) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызмет нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

4) тәуекелдерді бағалау жүйесі – тексерулерді белгілеу мақсатында бақылау және қадағалау органы жүргізетін іс-шаралар кешені.

3. Ішінара тексеру жүргізу мерзімділігі жылына бір реттен аспауы тиіс.

4. Ішінара тексерулер тиісінше есептік кезең басталғанға дейін 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есептер бойынша уәкілетті органға жіберілетін жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша жарты жылдыққа қалыптастырылатын ішінара тексерулердің тізімдері негізінде жүргізіледі.

5. Ішінара тексерулердің тізімдері:

- 1) субъективті критерийлер бойынша ең жоғары тәуекел дәрежесі көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің (объектілердің) басымдығын;
- 2) мемлекеттік органның тексерулерді жүргізетін лауазымдық тұлғаларына түсетін жүктемелерін ескере отырып жасалады.

2. Іріктеп тексерулер жүргізуге арналған тәсілдер

6. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы ішінара тексерулері үшін тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері объективті және субъективті критерийлер арқылы қалыптастырылады.

1-параграф. Объективті критерийлер

7. Табиғат пайдаланушыларды тәуекел дәрежесіне алғашқы жатқызуы тәуекел дәрежесін бағалау объективті критерийлер негізінде іске асырылады. Тәуекелді анықтағаннан кейін тексерілетін субъектілер (объектілер) екі тәуекел дәрежесі бойынша (жоғары және жоғары дәрежеге жатпайтын) бөлінеді.

Жоғары тәуекел дәрежесінің объективті критерийлеріне:

- 1) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 40-бабы бойынша 1, 2 санаттағы шаруашылық қызмет ететін субъектілер (объектілер);
- 2) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 40-бабына сәйкес 3, 4 санаттағы келесі субъектілер (объектілер) қоршаған ортаға әсерінің сипаты және дәрежесі

б о й ы н ш а :
х и м и я л ы қ ө н д і р і с ;
металлургиялық, машина жасау объектілері;
пайдалы қазбаларды барлау және өндіру бойынша объектілер;
құрылыс өнеркәсібі (цемент және жергілікті цементті өндіру, асбест және одан жасалған бұйымдары өндіру, шахталы, айналмалы және басқа пештерде күйдірумен магнезит, доломит және шамот өндірісін, стационарлық зауыттардағы асфальтбетон, темірбетоннан жасалған бұйымдар өндірісін, және де құрылыс материалдарын қабылдау, сақтау және өткізу), шығарындылардың көлемі жылына 50 тоннадан асатын құрылыс шеңберіндегі қызмет;
м и к р о б и о л о г и я л ы қ ө н е р к ә с і п ;
отын жағудан шығатын электрикалық және жылу энергиясын өндіру (отын ретінде көмір, қара май, табиғи газ пайдаланатындар);
парниктік газдар шығарындарына квоталар бөлудің Ұлттық жоспарына енгізілген парниктік газдарды квоталау субъектілері;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру және рекреациялық мақсатындағы қорғау аймағы шекарасының шегінде қызмет жүргізетін

с у б ь е к т і л е р ;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын қабылдау, кәдеге жарату, өңдеу, орналастыруды жүргізетін субъектілер;

коммуналдық шаруашылық субъектілері (оның ішінде, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бөлу, коммуналдық қалдықтарды жинақтау, сақтау және өңдеу объектілері), және де қоршаған ортаға әсер ететін стратегиялық маңыздылықтағы субъектілер (су электр станциялары, жинақтағыштар, су қоймалары және басқа);

мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және өткізу жүргізетін субъектілер; көлік құралдарын шығаратын және көлік құралдармен (жүк, жеңіл, теміржол, ауа, су) тасымалдау саласында қызмет ететін субъектілер жатады.

Объективті критерийлер бойынша талдау жасалғаннан кейін осы тармақтың 1), 2) тармақшаларына кірмеген субъектілер (объектілер) объективті критерийлер бойынша жоғары дәрежеге жатпайтын тәуекел дәрежесіндегі субъектілерге жатқызылады.

Жоғары тәуекел дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты ішінара тексерулер жүргізіледі.

2-параграф. Субъективті критерийлер

8. Субъективті критерийлерді айқындау:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау кезеңдерін қолдана отырып жүзеге асырылады.

9. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау заңнаманы бұзатын тексерілетін субъектілерді (объектілерді) анықтау үшін қажет.

Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау келесі ақпарат көздерінен жүзеге асырылатын болады:

1) тексерілетін субъектілермен (объектілермен) ұсынылатын міндетті есептілікті мониторингілеу нәтижелері;

2) бұрынғы тексерулер нәтижелері. Бұл ретте, бұзушылықтың ауыртпалық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парағында көрсетілген заңнама талаптарын сақтамау жағдайында белгіленеді;

3) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны;

4) жүргізілген міндетті экологиялық аудит нәтижелері.

10. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері үш көрсеткішке бөлінеді: өрескел, елеулі, болмашы.

Тәуекел дәрежесін бағалау кезінде әр көрсеткіштің дәрежесі бойынша

расталған критерийлердің үлес салмағы анықталады.

Өрескел көрсеткіштің бір расталған критерийі 100 көрсеткішіне теңделеді және ішінара тексеру жүргізу үшін негіздеме болып табылады.

Егер өрескел көрсеткіші бойынша критерийлерді растау анықталмаса, тәуекел дәрежесін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіштерінің қосынды мәні есептеледі.

Елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі :

$$\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,7$$

м ұ н д а ғ ы :

ΣP_3 – елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_1 – тәуекел дәрежесін бағалау кезіндегі елеулі дәрежедегі критерийлердің жалпы саны ;

ΣP_2 – расталған елеулі дәрежедегі критерийлердің саны.

Болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш келесі формула бойынша есептеледі :

$$\Sigma P_n = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,3$$

м ұ н д а ғ ы :

ΣP_n – болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_1 – тәуекел дәрежесін бағалау кезіндегі болмашы дәрежедегі критерийлердің жалпы саны ;

ΣP_2 – расталған болмашы дәрежедегі критерийлердің саны.

Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (УР) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және көрсеткіштерді қосу арқылы келесі формула бойынша анықталады :

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_n$$

м ұ н д а ғ ы :

ΣP – субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші ;

ΣP_3 – елеулі дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші;

ΣP_n – болмашы дәрежедегі бұзушылықтар көрсеткіші.

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері осы Критерийлердің Қосымшасында келтірілген.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша тексерілетін субъект (объект)

мыналарға

жатады:

1) жоғары тәуекел дәрежесі – 60-тан 100-ге дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізіледі;

2) жоғары дәрежеге жатпайтын тәуекел дәрежесі – 0-ден 60-қа дейінгі тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде және оған қатысты ішінара тексеру жүргізілмейді.

11. Талдау мен бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті критерийлердің деректері қолданылмайды.

Алынған мәліметтер талдауы және көрсеткіштер бойынша бағалау жарты жылдықта бір рет жарты жылдықтың соңғы айының бірінші күніне дейін жүргізіледі. Өткен жартыжылдық талдау кезеңі болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері

Ақпарат көзі	Критерийлер	Бұзушыл дәрежесі
міндетті есептілікті мониторингілеу нәтижелері	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға белгіленген есептілікті ұсынбау	Өрескел
	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға дұрыс емес есептілікті тапсыру	Елеулі
	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға есептілікті белгіленген мерзімін бұзып тапсыру	Болмашы
	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп	
	Қалдықтардың меншік иесі қалдықтардың есебін (түрі, саны және шығарылған жері) жүргізуге, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға және (немесе) адам денсаулығына қауіпті қасиеттері туралы ақпарат жинауға және сақтауға міндетті. Қатаң есептілік журналында жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды есепке алуды жүргізу. Қалдықтардың меншік иелері қалдықтардың есебі жөніндегі құжаттамаларды бес жыл бойы сақтауға тиіс	Елеулі
	Озонды бұзатын заттарды әкелуді және әкетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын дайындау үшін сатып алушы ұйымдардың атаулары мен орналасқан жерлерін және болжамды қолдану салаларын көрсете отырып, озонды бұзатын заттардың әкелінген, әкетілген және өткізілген санын есепке алуды жүргізеді	Елеулі
	Табиғат пайдаланушылар жер асты суларының мемлекеттік есебін, оның пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер асты сулары объектілерінен алынатын және оларға ағызып жіберілетін судың бастапқы есебін қоршаған ортаны қорғау, су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша жер қойнауын	Елеулі

зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жүргізеді	
Жалпы экологиялық талаптар	
Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемде орындалған жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен құрылатын қабылдау комиссиясының актісі бойынша жүргізіледі	Өрескел
Қауіпті қалдықтарды, шығарындыларды, төгінділерді залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі қоршаған ортаны қорғау нормативтерін қамтамасыз ететін жабдықтарды орнатпай, сондай-ақ жерді рекультивациялау, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану жөніндегі жобада көзделген жұмыстарды аяқтамай кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға тыйым салынады	Өрескел
Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттын бар болуы	Өрескел
Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын орындау	Өрескел
Мемлекеттік бақылаушы органдар инспекцияларының жұмысына жәрдемдесу және заңды нұсқамаларды белгіленген мерзімде орындау	Елеулі
Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде табиғат пайдаланушы: 1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеуге және оны қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу шеңберінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беретін органға ұсынуға; 2) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын іске асыруға және нәтижелерін құжаттауға міндетті	Елеулі
Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде табиғат пайдаланушы өндірістік экологиялық бақылау процесінде анықталған, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу фактілері туралы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға дереу хабарлауға міндетті	Елеулі
Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз зертханаларда қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жүзеге асыру	Елеулі
«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті экологиялық сақтандырудың бар болуы	Елеулі
Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль және өзге де көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауға, шуыл деңгейін және қоршаған ортаға өзге де теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті	Елеулі
Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарылған және төгілген авариялар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті	Елеулі
Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерді қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс	Болмашы
Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптар ескеріліп және экологиялық тұрғыдан негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстары мен санитарлық күзет аймақтары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс. Аталған объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізілуіне тиіс	Болмашы

Табиғат пайдаланушы әрбір объектіде өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыруға, жүргізуге және бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін арнайы бөлімше құруға не қызметкерді тағайындауға тиіс	Болмашы
Табиғат пайдаланушы өзінің жауапты лауазымды адамдары анықталған кемшіліктерді жоюдың мерзімдерін көрсетіп, техникалық және экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін жазатын тексеру журналдарын жүргізуге тиіс	Болмашы
Табиғат пайдаланушыда Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуының, дүлей зілзалалар мен табиғи катаклизмдердің нәтижесінде туындаған авариялық жағдайларды жою немесе оқшаулау жөніндегі іс-қимылдар жоспары болуға тиіс	Болмашы
Табиғат қорғау ісін жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызмет ететін жеке және заңды тұлғаларында шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның бар болуы	Болмашы
Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері	
Қоршаған ортаға әсердің оған ілеспе бағалау материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын алу мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелеріне мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар аумақтарын және шаруашылық қызметін жүргізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың) бас жоспарларының жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдарына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Шектес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін шектес мемлекеттермен ортақ табиғи объектілерді пайдалану қажет болатын не шектес мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған, оның ішінде «Байқоңыр» кешені бойынша мүдделерін қозғайтын шаруашылық қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы	Өрескел
Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар	
Топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және құнарлылығының төмендеуіне, сондай-ақ құнарлы қабаттың мүлдем жоғалуын болғызбау үшін оны алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатында топырақтың құнарлы қабатын алуға жол бермеу	Елеулі

Пайдалы қазбаларды қазу, геологиялық-барлау, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатын сылып алу, сақтау және пайдалану	Елеулі
Пайдалы қазбаларды қазу, геологиялық-барлау, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде бүлінген жерді қалпына келтіру	Елеулі
Қалдықтарды жинақтау мен жоюды олардың құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, сондай-ақ арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен айқындалатын жерде жүргізу талаптарын сақтау	Болмашы
Жер учаскелері өнеркәсіптік қалдықтарды орналастыру, көму, жинақтау үшін пайдаланылған жағдайда олар мынадай талаптарға сай келуге: 1) кәдеге жаратылмаған өнеркәсіптік қалдықтарды көмуге арналған полигондарды жобалаудың, салудың және пайдаланудың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес келуге; 2) су тоғаны, ауыл шаруашылығы алқаптары, ормандар, өнеркәсіптік кәсіпорындар жағына 1,5 процент еңісі бар жерлерде сыйымдылықтың түбінен алғанда екі метрден аспайтын ыза суы тұрғанда әлсіз сүзгіш топырағы болуға; 3) елді мекенге қатысты желден ық жақта және жерасты суы ағысының бағыты бойынша төмен орналасуға; 4) тасқын су мен нөсер су басып қалмайтындай жерлерде орналасуға; 5) инженерлік қарсы сүзгі қорғанышы, периметрі бойынша қоршауы мен көгалдандырылуы, қатты жамылғысы бар кірме жолдары болуға; 6) жер учаскесінен шығатын жер үсті және жер асты ағыны ашық су объектілеріне қосылмауға тиіс	Болмашы
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар	
Ауызсумен және шаруашылық-ауызсумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты суы объектілерінің су жинау алаңдарында қалдықтарды көмуге, қорымдар, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілер салуға жол берілмейді	Өрескел
Сіңірме ұңғымаларды бұрғылауға қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының осы ұңғымалар бұрғыланатын ауданда арнайы тексерулер жүргізілгеннен кейін беретін оң қорытындылары болған кезде жол беріледі	Өрескел
Уытты заттардың табиғи объектілерге көшуін болғызбау үшін технологиялық алаңдарды гидрологиялық оқшаулай отырып, жер қойнауын пайдаланудың қалдықтарын ұйымдасқан түрде жинау мен сақтаудың инженерлік жүйесі көзделуге тиіс	Елеулі
Ұңғыма құрылысы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда салынған жағдайларда, тек қана ұрасыз технологияны қолдану қажет	Елеулі
Жану мүмкіндігін немесе адамдардың улану ықтималдығын болғызбау мақсатында пирофорлық шөгінділер, шлам мен керн жобаға сәйкес және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы мен жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша көміледі	Елеулі
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар мен жабдықтарды бөлшектеу аяқталғаннан кейін жобалық шешімдерге сәйкес жер учаскесін қалпына келтіру (рекультивациялау) жөніндегі жұмыстар жүргізіледі	Елеулі
Қызметі жер асты суы объектілерінің жай-күйіне зиянды әсер ететін немесе зиянды әсер етуі мүмкін жеке және заңды тұлғалар су объектілерінің ластануын және тартылуын болғызбайтын шаралар қабылдауға міндетті	Елеулі
Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының ұтымды пайдаланылуын, қызметкерлердің, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін	

жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық схемалар мен жобаларды сақтауға міндетті	Елеулі
Қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына ластаушы заттардың авариялық ағызылғаны туралы, сондай-ақ жерасты суларын алудың белгіленген режимінің бұзылуы және оларға суларды ағызу (айдау) объектісі туралы шұғыл ақпаратты беру	Елеулі
Ұңғымалар мен тау-кен өндіру конструкциялары беріктігі, технологиялылығы және экологиялық қауіпсіздігі жағынан жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау шарттарын қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Дизельді-генератор және дизельді жетегі бар қондырғыларды қолдана отырып, бұрғылау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да операциялар кезінде атмосфераға осындай қондырғылардан тазартылмаған газдардың шығарылуы олардың техникалық сипаттамасына және экологиялық талаптарға сәйкес келуге тиіс	Болмашы
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар кезінде шламдарды кәдеге жарату және бұрғылау процесінде қайтадан пайдалану, қоршаған ортаға қайтару үшін, пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін, бұрғылаудан, карьерлерден және шахтадан шыққан сарқынды суды бейтараптандыру жөніндегі жұмыстар белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілуіне тиіс	Болмашы
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, тоқтату, тоқтатып қою, кен орнын игеру объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау	Болмашы
Бұрғылау ерітінділерін көмірсутегі (эк-битум, инверт-эмульсия және басқалары) негізінде қолданған кезде ауаның газдануының алдын алу жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс	Болмашы
Пайдаланудан шығарылған суды сіңірме ұңғымаларға айдау жүргізілетін ауданда жақын жердегі ұңғымалардағы, бұлақтардағы, құдықтардағы судың сапасына қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісілген жоспар бойынша су пайдаланушылардың күшімен жүйелі зертханалық байқаулар ұйымдастырылуға тиіс	Болмашы
"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өзінің немесе өзге де лабораторияларға ағызылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етуге міндетті	Болмашы
Жер асты суларын барлау және (немесе) шығару кезіндегі экологиялық талаптар	
Табиғат пайдаланушылар барлау және (немесе) су шығару кезінде өз есебінен жерасты сулары кенін игерудің жаңа тәсілдері мен технологиялық схемаларын іздестіру және қолданыстағыларды жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, технологиялық жабдықты, үздіксіз және мерзімді бақылау құралдарын жетілдіруге, жер асты суларының ұтымды пайдаланылуын және оның тартылу мен ластанудан сақталуын, жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге міндетті	Елеулі
Егер жер қойнауы басқа пайдалы қазбаларды барлау және өндіру үшін пайдаланылған кезде су тұтқыш жиектер ашылса, табиғат пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жер асты сулары объектілерін қорғау жөнінде шаралар қабылдауы қажет және бұл жөнінде қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органына хабарлауға тиіс	Елеулі
Табиғат пайдаланушылар жер асты суларының мемлекеттік есебін, оның пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында	

су тарту және су құю құрылыстарын су шығындарын өлшейтін құралдармен жабдықтады, сондай-ақ өздігінен ағатын ұңғымаларға реттегіш құрылғылар орнатады	Елеулі
Табиғат пайдаланушылар жер асты суларының мемлекеттік есебін, оның пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер асты сулары кен орындарының ағымдағы игерілуіне бақылау, ұңғымалардың жұмысын жедел бақылау және кен орындарын игерудің бекітілген жобасы немесе технологиялық схемаға сәйкес, технологиялық режимнің орындалуына бақылау жасайды	Елеулі
Жер асты суларының кенін барлау мен игеру келісімшарт және суды арнайы пайдалануға арналған рұқсат талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген нормалар мен талаптар сақталып жүзеге асырылуға тиіс	Болмашы
Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар жер асты суларының кенін ұтымды барлау мен игеруге, сөйтіп судың толық кешенді зерделенуіне және ұңғымаларды пайдаланудағы кемшіліктер есебінен судың орны толмас шығын болмауына және олардың сапалық қасиетінің жойылмауына қол жеткізілуін қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар су тұтқыш жиектердің ластану ықтималдығын болғызбауды қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар егер бұл жобада көзделмеген болса, әртүрлі жиектегі судың араласып кету, бір жиектен екінші жиекке құйылу ықтималдығын болғызбауды қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар жер асты суларының бақылаусыз, реттелмей шығарылуына жол берілмеуін, ал авариялық жағдайларда судың шығын болуын жою жөнінде жедел шаралар қабылдануын қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар пайдалы құрауыштары бар жер асты суларының кешенді пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар атмосфералық ауаның, жердің беткі қабатының, ормандардың, сулардың және басқа да табиғи объектілердің, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар барлау және (немесе) өндіру процесінде жарамсыз күйге келтірілген жер учаскелерінде кешенді қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жер астының ашылған су тұтқыш жиектері олардың ластануын болғызбайтындай сенімді оқшаулаумен қамтамасыз етілуіне тиіс	Болмашы
Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылуы мүмкін су тұтқыш жиектер ашылған кезінде бұрғылау мен цемент ерітінділерін дайындау үшін (өңдеу үшін) қолданылатын химиялық реагенттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен келісілген уыттылық сипаттамасы болуға тиіс	Болмашы
Жер асты сулары объектілерін пайдалануға байланысты су тартқыштарды орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және пайдалану кезінде олардың жоғарғы қабаттағы су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін (аумақты су	

бұрынғы тексерулер нәтижелері (ауыртпалық дәрежесі келесі талаптарды сақтамау жағдайында белгіленеді)	басуын, шөлейттенуін, жердің батпақтануын, топырақтың көшуі мен шөгуін) болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс	Болмашы
	Су объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар	
	Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын қорғаудың, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдаланудың талаптары мен ережелерін сақтай отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлар ескеріле отырып жүргізіледі	Елеулі
	Сарқынды суды ағызып жіберу кезіндегі экологиялық талаптар	
	Сарқынды суды, олардың тазалану деңгейіне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғалу аймақтарындағы, курорттардағы, суға түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағызып жіберуге жол берілмейді	Өрескел
	Жерасты сулары минералға қаныққан жер астындағы сутұтқыш белдеулерге сарқынды суларды ағызуды қоспағанда, нормативтік көрсеткіштерге жеткізіліп тазартылмаған шаруашылық-ауыз су үшін, бальнеологиялық, техникалық қажеттіліктер үшін, ирригация және мал шаруашылығы мақсатында пайдаланылмайтын немесе пайдалануға болмайтын, сондай-ақ қосымша ілесіп шыққан қарьердің суын арнайы жинақтағыштарға ағызуды қоспағанда, ол үшін заттардың нормативтерін белгілеу талап етілмейтін және су мөлшері тек қана текше метрмен нормаланатын сарқынды суларды жер қойнауына ағызуды тыйым салынады	Өрескел
	Сарқынды суларды жинағыштары және (немесе) сарқынды суларды табиғи биологиялық тазартуға арналған жасанды су объектілері бар табиғат пайдаланушылар олардың қоршаған ортаға әсерін болғызбау жөніндегі қажетті шараларды қолдануға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін жерлерді рекультивациялауды жүзеге асыруға міндетті	Елеулі
	Ағызылатын суда бетон мен металды бүлдіріп-бұзатын заттар болмауға тиіс	Болмашы
	Сарқынды суды су объектілеріне, жер қойнауына, сарқынды су жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне ағызуды жүзеге асыратын немесе су бөлудің тұйықталған циклінде жұмыс істейтін табиғат пайдаланушылар су көлемін есептеу аспаптарын пайдалануға және су тұтыну мен су бөлуді есепке алу журналын жүргізуге тиіс	Болмашы
	Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық және өзге де қыз пайдаланылатын басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар кезінде қойылатын экологиялық талаптар	
	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне енгізілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға рұқсат етіледі	Болмашы
	Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзі қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар	
	Ұңғымаларды пайдалану кезінде, авариялық ахуалдың қауіп төндіру жағдайларын қоспағанда, флюидтерді алау етіп жағуға тыйым салынады	Өрескел
	Құрылыстарды салу, монтаждау және оларды қайта бөлшектеу ластаушы заттардың барлық түрлерін жинауды қамтамасыз ететін технологиялар пайдаланылған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін	Елеулі
Келісімшарттық аумақ шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымалар табылған кезде жер қойнауын пайдаланушы оларды өз балансына қабылдайды және олар бойынша мониторинг жүргізеді	Елеулі	
Бұрғылау платформасы (баржа) және оған қызмет ететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және		

кейін арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруге арналған қондырғылармен жабдықталуға тиіс. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғылар көзделуге тиіс. Бұрғылау платформаларында (баржаларда) қоқысты жағуға тыйым салынады	Елеулі
Кез келген құрылыс және өзге де жұмыс түрлерін жүргізген кезде судың терең қабаты мен теңіз түбінде жару жұмыстарын пайдалануға тыйым салынады. Теңіз түбіндегі жару жұмыстары қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады	Елеулі
Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде, мұнай мен құрамында мұнай бар жүктерді тасымалдайтын әрбір теңіз құрылысында және әрбір кемеді төгілудің зардаптарын шектеу және жинау үшін материалдар мен абсорбенттер орналастыру	Елеулі
Айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айдалмайтын бұрғылау қалдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі барлық операциялар Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағынан тысқары жерде, арнайы полигонда жүзеге асырылуға тиіс. Аталған операциялар полигон құрылысының бұрғылау жұмыстары басталар кезге қарай аяқталуын қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылуға тиіс	Болмашы
Су тарту құрылыстары балық қорғау құрылғыларымен жарактандырылған жағдайда ғана теңізден су тартуға жол беріледі. Су тарту құрылыстарында балық қорғау құрылғылары жұмысының тиімділігін үздіксіз бақылауға арналған техникалық құрылғылар орнатылуға тиіс	Болмашы
Мұнай өндіру жөніндегі жұмыстарды бастар алдында жер қойнауын пайдаланушының қаржылай қаражаты есебінен Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағында уылдырық шашылуын қорғау және бағалы кәсіпшілік балықтарын молайту жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, қоршаған ортаны, сондай-ақ итбалықтардың тіршілік ету ортасын қорғау жөнінде кешенді бағдарламалар көзделуге тиіс	Болмашы
Бұрғылық және тампонаждық сұйықтар құрамында техникалық жобада келісілмеген заттар қолданылмауға тиіс. Өзге заттарды пайдаланған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы оларды қолдануды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен келіседі	Болмашы
Бұрғылау қондырғылары Халықаралық теңіз ұйымының тұншықтыратын газ шығарындыларының шекті мандері жөніндегі талаптарына сай келетін іштен жану двигательдерімен жарактандырылуы қажет	Болмашы
Энергия қондырғылары іштен жану двигательдерімен немесе қосарлы отын (дизельді отын-газ) турбиналарымен жарактандырылуға тиіс	Болмашы
Теңізде барлау мен өндіру кезіндегі экологиялық талаптар	
Кеме қатынауға болатын акваторияда мұз қабаты болған жағдайда бұрғылау баржасынан немесе платформасынан бұрғылау жұмыстарын жүргізу, көмірсутегінің ықтимал төгілуін тұмшалау үшін қажетті жабдықтары бар мұзжарғыш түріндегі кемеңің ұдайы бірге болуымен жүзеге асырылуға тиіс. Осы тармақта көрсетілген талап жасанды аралдарда жүргізіліп жатқан бұрғылау жұмысына қолданылмайды	Елеулі
Жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын жүргізу кезінде авариялық төгілулердің алдын алу, шектеу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге тиіс	Болмашы
Жағалаудағы жарактандыру базалары мен жағалау инфрақұрылымы объектілеріне арна экологиялық талаптар	

Порттар мен айлақтарды қоспағанда, жағалаудағы базаларды, оның ішінде жанар-жағар май материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын салу, қолда бар инфрақұрылымдар пайдаланыла отырып, Каспий теңізі жағалауының су қорғау аймағынан тысқары жүзеге асырылуға тиіс	Болмашы
Жағалау инфрақұрылымы объектілері жұмыс істеуін аяқтап, олар қайта бөлшектелгеннен кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жерді рекультивациялау жүргізілуіне тиіс	Болмашы
Кеме жүзуіне қойылатын экологиялық талаптар	
Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу заңнамасының талаптарына сәйкес сусымалы материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын жабық контейнерлерде және арнаулы ыдыстарда жүзеге асырылуға тиіс	Елеулі
Каспий теңізіне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді экологиялық тексеруден өткізбей пайдалануға тыйым салынады	Болмашы
Су көлігімен орын ауыстырудың барлық түрлері жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы құрамында табыс етілуіне тиіс. Егжей-тегжейлі жобалау сатысында және жұмысты ұйымдастыру кезінде кемелердің жүзу бағыттарының маусымдар бойынша кестесі белгіленуге және ол картографиялық материалдарда көрсетілуіне тиіс. Орын ауыстыру бағыттары таңдалған кезде, мұз қату жағдайларын қоса алғанда, гидрометеорологиялық жағдайлар, сондай-ақ балықтардың бағалы түрлерінің уылдырық шашу және өріс аудару кезеңдері мен орындары, итбалықтардың жатақтары, құстардың ұя салуы ескерілуіне тиіс	Болмашы
Барлық кемелер отынды жабық алып жүру жүйелерімен, ластанған сулар мен тұрмыстық қоқыстарды жинайтын ыдыстармен жабдықталған, ашық су айдынына төгінділер мен шығарындыларға мүмкіндік бермейтін құрылғыларда жаракталануға тиіс	Болмашы
Теңізде кемелерге май құю отынның және жанар-жағар май материалдарының төгілуі мен ағып кетуін болдырмайтын жүйелердің көмегімен жүргізілуіне тиіс	Болмашы
Кемелер кеме палубаларының мұнай өнімдерімен ластануына, су айдындарына ластанған сарқынды сулардың ағуына жол бермейтін жабдықпен жаракталануға тиіс	Болмашы
Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы қоршаған орта мониторингі	
Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қоршаған ортаның авариялық ластану салдарының мониторингі кідіріссіз ұйымдастырылуға тиіс	Елеулі
Жер қойнауын пайдаланушы өндірістік мониторинг нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті	Елеулі
Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағы бойынша қоршаған ортаға өндірістік мониторинг жүргізуге міндетті	Болмашы
Өндірістік мониторинг өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы өткен жылдардағы қадағалаулардың нәтижелерін ескеруі және қадағалауды ұзақ мерзім қатарынан жалғастыру мақсатында жұмыс алаңында (келісімшарттық аумақ шегінде және оның айналасында) орналасқан, жұмыс істеп тұрған станциялардың көрсеткіштерін пайдалануға тиіс	Болмашы
Радиоактивті материалдарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар	

Жеке және заңды тұлғалар радиоактивті материалдарды өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың, пайдаланудың, кәдеге жаратудың және жоюдың белгіленген ережелерін сақтауды, радиациялық әсердің жол берілетін шекті деңгейі нормативтерінің бұзылуына жол бермеуді, қоршаған ортаның радиациялық ластануының алдын алуды және оны жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді	Елеулі
Қазақстан Республикасының аумағында түзілетін радиоактивті қалдықтардың ықтимал қауіптілігі болуы мүмкін уақыт кезеңі ішінде халық пен қоршаған ортаның радиациядан қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайда олардың көмілу жүргізіледі	Болмашы
Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптар	
Жер үсті суларының, ызасулардың және жер асты суларының радиоактивті ластану есебі ерітінділердің сүзілуінің және ластанудың жылдамдығын, олардың таралу қабілеттерін және су сиятын тау жыныстарының сорбциондық мүмкіндіктерін айқындау үшін орындалатын арнайы гидрологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу негізінде орындалады	Болмашы
Өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі жалпы экологиялық талаптар	
Полигонның меншік иесі полигон жабылғаннан кейін жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шараларды және қоршаған ортаға әсердің мониторингін жүргізу үшін тарату қорын құрады. Жою қоры жоқ полигонды пайдалануға тыйым салынады	Өрескел
Қалдықтарды көму кезінде топырақ сеуіп, тығыздап жабу үшін қауіпсіз қалдықтарды қолдану жағдайларын қоспағанда, қауіпті қалдықтарды қауіпсіз қалдықтармен, сондай-ақ әртүрлі қауіпті қалдықтарды өндіру, тасымалдау және сақтау процесінде оларды өзара араластыруға тыйым салынады	Өрескел
Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар олармен қауіпсіз жұмыс істеу шараларын көздеуді, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауды және оларды кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою жөніндегі іс-шараларды орындауды қамтамасыз етеді	Елеулі
Қалдықтарды орналастыру мен жою қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен және өзге де арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалатын орындарда жүргізіледі	Елеулі
Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалармен қауіпті қалдықтардың паспорты жасалады және бекітіледі	Елеулі
Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылыс-жайлар мен өзге де объектілерді пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар:	
1) оларды қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою не осы іс-шараларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға беру арқылы оларды азайту жөніндегі шараларды көздейтін қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасын әзірлеуге;	Елеулі
2) ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде қалдықты аз шығаратын технологиялар мен қалдықтардың құралуын төмендету жөніндегі ұйымдастыру шараларын енгізуге;	
3) қалдықтар мен оларды орналастыратын объектілерге түгендеу жүргізуге;	
4) қалдықтар орналастырылған объектілердің аумақтарында қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге;	
5) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табыс етуге;	
6) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу жөніндегі талаптарды сақтауға және оларды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануға міндетті	

Қауіпті қалдықтарды арнайы жабдықталған жерлерге орналастыруға рұқсат етіледі және ол экологиялық рұқсаттарда көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады	Елеулі
Қауіпті қалдықтарды жинауды, кәдеге жаратуды, тасымалдауды және орналастыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар төтенше және авариялық жағдайлар кезінде іс-қимылдар жоспарларын әзірлейді	Елеулі
Қалдықтарды сақтау кейіннен кәдеге жарату, өңдеу немесе түпкілікті көму мақсатында әрбір қалдық түрлері үшін белгіленген кезеңге арнайы жабдықталған жерлерде (алаңдарда, көмбелерде, қоймаларда) жүргізіледі	Елеулі
Қалдықтарды көму арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі	Елеулі
Әрбір полигон олардың қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу үшін атмосфералық шығарындылардың (қоқыс газы), сақтауға қойылған қалдықтарда құралатын сүзінді судың және сарқынды сулардың мониторингі жүйесімен жабдықталуға тиіс	Елеулі
Полигонның иесі учаскеде қабылданған қалдық тобының алынғанын жазбаша растауды тұрақты түрде қамтамасыз етуге және осы құжаттаманы бес жыл бойы сақтауды қамтамасыз етуге міндетті	Елеулі
Қалдықтарды көму полигонының қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген мерзімде учаскені экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі жоспар негізінде жүзеге асырылады	Елеулі
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының әрбір секциясы үшін газ мониторингі жүргізу	Елеулі
Өлшенетін параметрлер мен талданатын заттар орналастырылатын қалдықтардың құрамына қарай түзетіледі	Елеулі
Қалдықтарды көму жөніндегі полигонды (полигонның бөлігін) жабуға экологиялық рұқсат алынғаннан кейін ғана жол беріледі	Елеулі
Полигон (полигонның бөлігі) жабылғаннан кейін полигонның иесі аумақты рекультивациялауды жүзеге асырады және 1-сыныптағы полигондар үшін – отыз жыл бойы, 2-сынып полигондары үшін жиырма жыл бойы қоқыс газдың және сүзінді судың шығарындыларына мониторинг жүргізеді	Елеулі
Полигонның иесі жобаның шарттарына сәйкес полигонды (полигонның бір бөлігін) рекультивациялауды орындағаннан кейін және орындалған жұмыстар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен қабылдау комиссиясының актісімен қабылданғаннан кейін қоршаған ортаға мониторинг жүргізуді тоқтатады	Елеулі
Қалдықтарды қалпына келтіргенге немесе өңдегенге дейін үш жылдан аспайтын немесе оларды көмгенге дейін бір жылдан аспайтын мерзімге қауіпсіз сақтау үшін арналған қалдықтарды уақытша сақтау орындарының бар болуы	Болмашы
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органымен бекітілген қалдықтарды басқару бағдарламасының келесі тұлғаларда бар болуы: I және II санаттағы объектілері бар жеке және заңды тұлғаларда; қалдықтарды кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді немесе олардың көлемін және қауіпті қасиеттерін өзге де тәсілдермен азайтуды жүзеге асыратын, сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырумен байланысты қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда	Болмашы
Қалдықтарды орналастыру объектілерінің меншік иелері, сондай-ақ иеленуінде және пайдалануында қалдықтарды орналастыру объектілері бар адамдар осы объектілерді пайдалану аяқталғаннан кейін олардың жай-күйі мен қоршаған ортаға әсерін бақылауды және бүлінген жерлерде рекультивациялау жөнінде жұмыстар жүргізуге міндетті	Болмашы

Қызмет процесінде қауіпті қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың құралуының тоқтатылуына немесе қысқартылуына және (немесе) олардың қауіптілік деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға тиіс	Болмашы
Қауіпті қалдықтардың меншік иесі қауіптілік қасиеттерін көрсете отырып, қауіпті қалдықтардың бумасын танбалауды қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай қалдықтарды басқа тұлғаларға белгілі бір мерзімге берген кезде қалдықтардың меншік иесі оларды осы қалдықтардың қауіпті қасиеттері туралы және олармен жұмыс істеу кезінде сақтық шаралары туралы жазбаша нысанда хабарлайды	Болмашы
Қауіпті қалдықтар орналастырылған жер қалдықтың түрі, оның қауіптілік деңгейі және көмілген күні көрсетіле отырып, жақсы көрінетін жерде айырым белгілерімен белгіленуге жатады	Болмашы
Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау пункттері жойылуы қиын органикалық ластауыштардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін болғызбауды қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталуға тиіс	Болмашы
Қауіпті қалдықтарға залалсыздандыру, қалыпты жағдайға келтіру және қалдықтардың қауіпті қасиеттерін төмендететін басқа да әсер ету тәсілдері қолданылуға тиіс.	Болмашы
Полигонның иесі биологиялық іритін қалдықтарды көму көлемін азайту және қоқыс газды бақылау мен кәдеге жарату жүйелерін енгізу арқылы полигонда метанның құралуын азайту жөнінде шаралар қабылдауға тиіс	Болмашы
Қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін полигонның иесі қалдықтарды сыныптау негізінде қабылдаудың бірдейлендірілген рәсімін енгізуге тиіс	Болмашы
Көму үшін қабылданатын қалдықтарды қабылдау мен сыныптау рәсімін полигон иесі белгілейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі	Болмашы
Полигонның иесі бақылау және мониторинг нәтижесінде анықталған, қоршаған ортаға қолайсыз әсер туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге, сондай-ақ қабылданылатын түзету шараларының сипаты мен мерзімдерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуге тиіс	Болмашы
Бақылауды, мониторингті және (немесе) талдауды аккредиттелген зертханалар орындауға тиіс	Болмашы
Сүзінді су мен жер бетіндегі судың сынамасы репрезентативті пункттерде іріктелуге тиіс. Сүзінді суды іріктеу мен оның көлемін және құрамын өлшеуді жүзеге асыру учаскенің сүзінді су құралатын әрбір пунктінде жеке орындалуға тиіс	Болмашы
Жер асты суларынан алынған сынамаларда талданатын параметрлер осы жердегі сүзінді судың күтіліп отырған құрамына және жер асты суларының сапасына негізделуге тиіс. Талдама есебі үшін параметрлерді таңдау процесінде жер асты суларының жылдамдығы мен ағыс бағыты айқындалуға тиіс	Болмашы
Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу	
Қызметін экономиканың мұнай-газ, энергетика, тау-кен металлургиясы, химия салаларында, ауыл шаруашылығында және көлікте жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың парниктік газдар шығарындыларын жылына көміртегі қостотығының жиырма мың тоннасына тең келетін мөлшерден асатын парниктік газдар шығарындыларына квоталар алмай қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады	Өрескел
Табиғат пайдаланушыларға, тиісті кезеңдегі парниктік газдар шығарындыларына сертификатта белгіленген квотадан асып түсуге тыйым салынады	
Парниктік газдардың және озонды бұзатын заттардың шығарындыларына жол берілетін шаруаш және өзге де қызметке қойылатын жалпы талаптар	
Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізу, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеу, монтаждау, оған қызмет көрсету қоршаған	

	ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады	Елеулі
расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны	Бір сипатқа жатпайтын дәлелденген үш және одан да көп өтініш пен шағымның бар болуы	Өрескел
	Бір сипатқа жатпайтын дәлелденген екі өтініш пен шағымның бар болуы	Елеулі
	Дәлелденген бір өтініш немесе шағымның болуы	Болмашы
жүргізілген міндетті экологиялық аудит нәтижелері	Міндетті экологиялық аудиттің экологиялық аудиторлық есебін қараудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға аудиттелетін субъектінің қызметін тоқтата тұру туралы талап қою арқылы сотқа жүгінуге мүмкіндік беретін фактілердің болуы	Дәрекі
	Міндетті экологиялық аудиттің экологиялық аудиторлық есебін қараудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға экологиялық рұқсат талаптарына өзгерістер енгізуге немесе табиғи ресурстарды пайдалану және алып қою, қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат шарттарының (келісімшарттардың) және табиғат пайдалануға өзге де рұқсаттардың талаптарын өзгерту туралы ұсыныспен арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуге мүмкіндік беретін фактілердің болуы	Елеулі
	Міндетті экологиялық аудиттің экологиялық аудиторлық есебін қараудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына өзгерістер енгізу ұсынымдарын беруге мүмкіндік беретін фактілердің болуы	Болмашы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і н і ң
 м і н д е т і н а т қ а р у ш ы с ы н ы ң
 2015 жылғы 30 маусымдағы № 474
 және Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Э н е р г е т и к а м и н и с т р і н і ң
 2015 жылғы 24 маусымдағы № 431
 бірлескен бұйрығына 2-қосымша
 нысан

Тексеру парағы қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында табиғат пайдаланушыларға қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексерулерді тағайындау туралы акт _____
 (№ , к ү н і)

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы _____

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН _____

Орналасу орны

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талап сәйкес келме
1	2	3	4	5	6
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп және есептілік					
1.	Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері жөніндегі есептіліктің бар болуы				
2.	Озонды бұзатын заттарды әкелуді және әкетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын дайындау үшін жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қолдану салалары бойынша озонды бұзатын заттардың нақты әкелінген, әкетілген және өткізілген саны туралы мәліметтерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша ұсынады				
3.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қоршаған ортаға қауіпті қалдықтар полигонның әсерінің мониторингін жүргізілгені туралы жыл сайынғы есептіліктің бар болуы				
4.	Экологиялық рұқсатқа енгізілген табиғат пайдалану шарттарының орындалуы туралы рұқсат берген органға ұсынылатын тоқсан сайынғы есептемеліктің бар болуы				
5.	Қалдықтардың меншік иесі қалдықтардың есебін (түрі, саны және шығарылған жері) жүргізуге, сондай-ақ олардың қоршаған ортаға және (немесе) адам денсаулығына қауіпті қасиеттері туралы ақпарат жинауға және сақтауға міндетті. Қатаң есептілік журналында жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды есепке алуды жүргізу. Қалдықтардың меншік иелері қалдықтардың есебі жөніндегі құжаттамаларды бес жыл бойы сақтауға тиіс				
6.	Қалдықтардың меншік иелері өзінің қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызметі туралы жыл сайынғы есебін				

	Қалдықтардың мемлекеттік кадастрына енгізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға береді				
7.	Озонды бұзатын заттарды әкелуді және әкетуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер озонды бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын дайындау үшін сатып алушы ұйымдардың атаулары мен орналасқан жерлерін және болжамды қолдану салаларын көрсете отырып, озонды бұзатын заттардың әкелінген, әкетілген және өткізілген санын есепке алуды жүргізеді				
8.	Табиғат пайдаланушылар жер асты суларының мемлекеттік есебін, оның пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер асты сулары объектілерінен алынатын және оларға ағызып жіберілетін судың бастапқы есебін қоршаған ортаны қорғау, су қорын қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен және мерзімде жүргізеді				
9.	Табиғат пайдаланушылар есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға есепті кезеңдегі парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің нақты көлемі туралы есепті, сондай-ақ сатып алынған және иеліктен шығарылған квоталар бірлігі, жобаларды іске асыру нәтижесінде алынған және берілген көміртегі бірліктері туралы мәліметтерді ұсынуға тиіс				
Жалпы экологиялық талаптар					
10.	Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемде орындалған жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен құрылатын қабылдау комиссиясының актісі бойынша жүргізіледі				

11.	<p>Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерді қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс</p>				
12.	<p>Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптар ескеріліп және экологиялық тұрғыдан негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстары мен санитарлық күзет аймақтары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс. Аталған объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізілуіне тиіс</p>				
13.	<p>Қауіпті қалдықтарды, шығарындыларды, төгінділерді залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі қоршаған ортаны қорғау нормативтерін қамтамасыз ететін жабдықтарды орнатпай, сондай-ақ жерді рекультивациялау, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану жөніндегі жобада көзделген жұмыстарды аяқтамай кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға жол берілмейді</p>				
14.	<p>Табиғат пайдаланушы әрбір объектіде өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыруға, жүргізуге және бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін арнайы бөлімше құруға не қызметкерді тағайындауға тиіс</p>				
15.	<p>Мемлекеттік бақылаушы органдар инспекцияларының жұмысына жәрдемдесу және заңды нұсқамаларды белгіленген мерзімде орындау</p>				
16.	<p>Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде табиғат п а й д а л а н у ш ы :</p> <p>1) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын әзірлеуге және оны қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алу шеңберінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат беретін</p>				

	органға ұсынуға; 2) өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын іске асыруға және нәтижелерін құжаттауға міндетті				
17.	Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде табиғат пайдаланушы өндірістік экологиялық бақылау процесінде анықталған, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзу фактілері туралы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органға дереу хабарлауға міндетті				
18.	Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз зертханаларда қоршаған ортаның өндірістік мониторингін жүзеге асыру				
19.	«Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті экологиялық сақтандырудың бар болуы				
20.	Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттың бар болуы				
21.	Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль және өзге де көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауға, шуыл деңгейін және қоршаған ортаға өзге де теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті				
22.	Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын орындау				
23.	Табиғат пайдаланушы өзінің жауапты лауазымды адамдары анықталған кемшіліктерді жоюдың мерзімдерін көрсетіп, техникалық және экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін жазатын тексеру журналдарын жүргізуге тиіс				
24.	Табиғат пайдаланушыда Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуының, дүлей зілзалалар мен табиғи катаклизмдердің нәтижесінде туындаған авариялық жағдайларды жою немесе оқшаулау жөніндегі іс-қимылдар жоспары болуға тиіс				
25.	Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарылған және төгілген авариялар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті				
26.	Табиғат қорғау ісін жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызмет ететін жеке және заңды тұлғаларында шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның бар болуы				
Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері					
27.	Қоршаған ортаға әсердің оған ілеспе бағалау материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				
28.	Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				

29.	Іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				
30.	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік қорық аймақтарын тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				
31.	Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын алу мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелеріне мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				
32.	Қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар аумақтарын және шаруашылық қызметін жүргізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың) бас жоспарларының жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				
33.	Осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдарына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				
34.	Шектес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін шектес мемлекеттермен ортақ табиғи объектілерді пайдалану қажет болатын не шектес мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған, оның ішінде «Байқоңыр» кешені бойынша мүдделерін қозғайтын шаруашылық қызмет жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптамасының бар болуы				
Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар					
35.	Топырақтың ластануына, қоқыстануына, тозуына және құнарлылығының төмендеуіне, сондай-ақ құнарлы қабаттың мүлдем жоғалуын болғызбау үшін оны алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатында топырақтың құнарлы қабатын алуға жол бермеу				
36.	Қалдықтарды жинақтау мен жоюды олардың құзыреті шегінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, сондай-ақ арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімімен айқындалатын жерде жүргізу талаптарын сақтау				
37.	Пайдалы қазбаларды қазу, геологиялық-барлау, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатын сылып алу, сақтау және пайдалану				
38.	Пайдалы қазбаларды қазу, геологиялық-барлау, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде бүлінген жерді қалпына келтіру				
	Жер учаскелері өнеркәсіптік қалдықтарды орналастыру, көму, жинақтау үшін пайдаланылған жағдайда олар мынадай талаптарға сай келуге:				

39.	<p>1) кәдеге жаратылмаған өнеркәсіптік қалдықтарды көмуге арналған полигондарды жобалаудың, салудың және пайдаланудың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес келуге;</p> <p>2) су тоғаны, ауыл шаруашылығы алқаптары, ормандар, өнеркәсіптік кәсіпорындар жағына 1,5 процент енісі бар жерлерде сыйымдылықтың түбінен алғанда екі метрден аспайтын ыза суы тұрғанда әлсіз сүзгіш топырағы болуға;</p> <p>3) елді мекенге қатысты желден ық жақта және жерасты суы ағысының бағыты бойынша төмен орналасуға;</p> <p>4) тасқын су мен нөсер су басып қалмайтындай жерлерде орналасуға;</p> <p>5) инженерлік қарсы сүзгі қорғанышы, периметрі бойынша қоршауы мен көгалдандырылуы, қатты жамылғысы бар кірме жолдары болуға;</p> <p>6) жер учаскесінен шығатын жер үсті және жер асты ағыны ашық су объектілеріне қосылмауға тиіс</p>				
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар					
40.	<p>Ұңғымалар мен тау-кен өндіру конструкциялары беріктігі, технологиялылығы және экологиялық қауіпсіздігі жағынан жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау шарттарын қамтамасыз етуге тиіс</p>				
41.	<p>Дизельді-генератор және дизельді жетегі бар қондырғыларды қолдана отырып, бұрғылау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да операциялар кезінде атмосфераға осындай қондырғылардан тазартылмаған газдардың шығарылуы олардың техникалық сипаттамасына және экологиялық талаптарға сәйкес келуге тиіс</p>				
42.	<p>Уытты заттардың табиғи объектілерге көшуін болғызбау үшін технологиялық алаңдарды гидрологиялық оқшаулай отырып, жер қойнауын пайдаланудың қалдықтарын ұйымдасқан түрде жинау мен сақтаудың инженерлік жүйесі көзделуге тиіс</p>				
43.	<p>Ұңғыма құрылысы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда салынған жағдайларда, тек қана ұрасыз технологияны қолдану қажет</p>				
44.	<p>Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар кезінде шламдарды кәдеге жарату және бұрғылау процесінде қайтадан пайдалану, қоршаған ортаға қайтару үшін, пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін, бұрғылаудан, карьерлерден және шахтадан шыққан сарқынды суды бейтараптандыру жөніндегі жұмыстар белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілуіне тиіс</p>				
45.	<p>Бұрғылау ерітінділерін көмірсутегі (эк-битум, инверт-эмульсия және басқалары) негізінде қолданған кезде ауаның газдануының алдын алу жөніндегі шаралар қолданылуға тиіс</p>				
46.	<p>Жану мүмкіндігін немесе адамдардың улану ықтималдығын болғызбау мақсатында пирофорлық шөгінділер, шлам мен керн жобаға сәйкес және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы мен жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша көміледі</p>				

47.	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар мен жабдықтарды бөлшектеу аяқталғаннан кейін жобалық шешімдерге сәйкес жер учаскесін қалпына келтіру (рекультивациялау) жөніндегі жұмыстар жүргізіледі				
48.	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды, тоқтату, тоқтатып қою, кен орнын игеру объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау				
49.	Қызметі жер асты суы объектілерінің жай-күйіне зиянды әсер ететін немесе зиянды әсер етуі мүмкін жеке және заңды тұлғалар су объектілерінің ластануын және тартылуын болғызбайтын шаралар қабылдауға міндетті				
50.	Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауының ұтымды пайдаланылуын, қызметкерлердің, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық схемалар мен жобаларды сақтауға міндетті				
51.	Ауызсумен және шаруашылық-ауызсумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерасты суы объектілерінің су жинау алаңдарында қалдықтарды көмуге, қорымдар, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) және жерасты суының жай-күйіне әсер ететін басқа да объектілер салуға жол берілмейді				
52.	Сіңірме ұңғымаларды бұрғылауға қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының осы ұңғымалар бұрғыланатын ауданда арнайы тексерулер жүргізілгеннен кейін беретін оң қорытындылары болған кезде жол беріледі				
53.	Пайдаланудан шығарылған суды сіңірме ұңғымаларға айдау жүргізілетін ауданда жақын жердегі ұңғымалардағы, бұлақтардағы, құдықтардағы судың сапасына қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісілген жоспар бойынша су пайдаланушылардың күшімен жүйелі зертханалық байқаулар ұйымдастырылуға тиіс				
54.	"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өзінің немесе өзге де лабораторияларға ағызылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етуге міндетті				
55.	Қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына ластаушы заттардың авариялық ағызылғаны туралы, сондай-ақ жерасты суларын алудың белгіленген режимінің бұзылуы және оларға суларды ағызу (айдау) объектісі туралы шұғыл ақпаратты беру				

Жер асты суларын барлау және (немесе) шығару кезіндегі экологиялық талаптар

--	--	--	--	--	--

56.	Табиғат пайдаланушылар барлау және (немесе) су шығару кезінде өз есебінен жерасты сулары кенін игерудің жаңа тәсілдері мен технологиялық схемаларын іздестіру және қолданыстағыларды жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге, технологиялық жабдықты, үздіксіз және мерзімді бақылау құралдарын жетілдіруге, жер асты суларының ұтымды пайдаланылуын және оның тартылу мен ластанудан сақталуын, жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге міндетті				
57.	Жер асты суларының кенін барлау мен игеру келісімшарт және суды арнайы пайдалануға арналған рұқсат талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген нормалар мен талаптар сақталып жүзеге асырылуға тиіс				
58.	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар жер асты суларының кенін ұтымды барлау мен игеруге, сөйтіп судың толық кешенді зерделенуіне және ұнғымаларды пайдаланудағы кемшіліктер есебінен судың орны толмас шығын болмауына және олардың сапалық қасиетінің жойылмауына қол жеткізілуін қамтамасыз етуге тиіс				
59.	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар су тұтқыш жиектердің ластану ықтималдығын болғызбауды қамтамасыз етуге тиіс				
60.	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар егер бұл жобада көзделмеген болса, әртүрлі жиектегі судың араласып кету, бір жиектен екінші жиекке құйылу ықтималдығын болғызбауды қамтамасыз етуге тиіс				
61.	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар жер асты суларының бақылаусыз, реттелмей шығарылуына жол берілмеуін, ал авариялық жағдайларда судың шығын болуын жою жөнінде жедел шаралар қабылдануын қамтамасыз етуге тиіс				
62.	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар пайдалы құрауыштары бар жер асты суларының кешенді пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс				
63.	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар атмосфералық ауаның, жердің беткі қабатының, ормандардың, сулардың және басқа да табиғи объектілердің, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстардың жер қойнауын пайдаланумен байланысты жұмыстардың зиянды әсерінен қорғалуын қамтамасыз етуге тиіс				
64.	Жер асты суларына барлау және (немесе) оны шығару жұмыстарын жүргізетін табиғат пайдаланушылар барлау және				

	(немесе) өндіру процесінде жарамсыз күйге келтірілген жер учаскелерінде кешенді қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс				
65.	Егер жер қойнауы басқа пайдалы қазбаларды барлау және өндіру үшін пайдаланылған кезде су тұтқыш жиектер ашылса, табиғат пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жер асты сулары объектілерін қорғау жөнінде шаралар қабылдауы қажет және бұл жөнінде қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органына хабарлауға тиіс				
66.	Жер астының ашылған су тұтқыш жиектері олардың ластануын болғызбайтындай сенімді окшаулаумен қамтамасыз етілуге тиіс				
67.	Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылуы мүмкін су тұтқыш жиектер ашылған кезінде бұрғылау мен цемент ерітінділерін дайындау үшін (өңдеу үшін) қолданылатын химиялық реагенттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен келісілген уыттылық сипаттамасы болуға тиіс				
68.	Жер асты сулары объектілерін пайдалануға байланысты су тартқыштарды орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және пайдалану кезінде олардың жоғарғы қабаттағы су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін (аумақты су басуын, шөлейттенуін, жердің батпақтануын, топырақтың көшуі мен шөгуін) болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс				
69.	Табиғат пайдаланушылар жер асты суларының мемлекеттік есебін, оның пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында су тарту және су құю құрылыстарын су шығындарын өлшейтін құралдармен жабдықтайды, сондай-ақ өздігінен ағатын ұңғымаларға реттегіш құрылғылар орнатады				
70.	Табиғат пайдаланушылар жер асты суларының мемлекеттік есебін, оның пайдаланылуын бақылау және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер асты сулары кен орындарының ағымдағы игерілуіне бақылау, ұңғымалардың жұмысын жедел бақылау және кен орындарын игерудің бекітілген жобасы немесе технологиялық схемаға сәйкес, технологиялық режимнің орындалуына бақылау жасайды				
Су объектілерін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар					
71.	Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын қорғаудың, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдаланудың талаптары мен ережелерін сақтай отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлар ескеріле отырып жүргізіледі				

Сарқынды суды ағызып жіберу кезіндегі экологиялық талаптар

72.	Сарқынды суларды жинағыштары және (немесе) сарқынды суларды табиғи биологиялық тазартуға арналған жасанды су объектілері бар табиғат пайдаланушылар олардың қоршаған ортаға әсерін болғызбау жөніндегі қажетті шараларды қолдануға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін жерлерді рекультивациялауды жүзеге асыруға міндетті				
73.	Жерасты сулары минералға қаныққан жер астындағы сутұтқыш белдеулерге сарқынды суларды ағызуды қоспағанда, нормативтік көрсеткіштерге жеткізіліп тазартылмаған шаруашылық-ауыз су үшін, бальнеологиялық, техникалық қажеттіліктер үшін, ирригация және мал шаруашылығы мақсатында пайдаланылмайтын немесе пайдалануға болмайтын, сондай-ақ қосымша ілесіп шыққан карьердің суын арнайы жинақтағыштарға ағызуды қоспағанда, ол үшін заттардың нормативтерін белгілеу талап етілмейтін және су мөлшері тек қана текше метрмен нормаланатын сарқынды суларды жер қойнауына ағызуды жол берілмейді				
74.	Ағызылатын суда бетон мен металды бүлдіріп-бұзатын заттар болмауға тиіс				
75.	Сарқынды суды, олардың тазалану деңгейіне қарамастан, орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғалу аймақтарындағы, курорттардағы, суға түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағызып жіберуге жол берілмейді				
76.	Сарқынды суды су объектілеріне, жер қойнауына, сарқынды су жинақтауыштарға, жергілікті жердің рельефіне ағызуды жүзеге асыратын немесе су бөлудің тұйықталған циклінде жұмыс істейтін табиғат пайдаланушылар су көлемін есептеу аспаптарын пайдалануға және су тұтыну мен су бөлуді есепке алу журналын жүргізуге тиіс				
Өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен шаруашылық және өзге де қызметте пайдаланыл басқа да препараттарды тасымалдау, сақтау мен қолдану, жаңа препараттар жасау кезінде қойылатын экологи талаптар					
77.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен пестицидтердің (улы химикаттардың) тізіміне енгізілген пестицидтерді (улы химикаттарды) қолдануға рұқсат етіледі				
Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге а кезіндегі экологиялық талаптар					
78.	Құрылыстарды салу, монтаждау және оларды қайта бөлшектеу ластаушы заттардың барлық түрлерін жинауды қамтамасыз ететін технологиялар пайдаланылған кезде ғана жүзеге асырылуы мүмкін				
79.	Келісімшарттық аумақ шегінде бұрын бұрғыланған ұңғымалар табылған кезде жер қойнауын пайдаланушы оларды өз балансына қабылдайды және олар бойынша мониторинг жүргізеді				

80.	Ұңғымаларды пайдалану кезінде, авариялық ахуалдың қауіп төндіру жағдайларын қоспағанда, флюидтерді алау етіп жағуға жол берілмейді				
81.	Айналымға тартылмайтын және жер қойнауына айдалмайтын бұрғылау қалдықтарын (шламдар мен қоспаларды) залалсыздандыру мен сақтау жөніндегі барлық операциялар Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағынан тысқары жерде, арнайы полигонда жүзеге асырылуға тиіс. Аталған операциялар полигон құрылысының бұрғылау жұмыстары басталар кезге қарай аяқталуын қамтамасыз етуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша жүзеге асырылуға тиіс				
82.	Бұрғылау платформасы (баржа) және оған қызмет ететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кейін арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруге арналған қондырғылармен жабдықталуға тиіс. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғылар көзделуге тиіс. Бұрғылау платформаларында (баржаларда) қоқысты жағуға тыйым салынады				
83.	Кез келген құрылыс және өзге де жұмыс түрлерін жүргізген кезде судың терең қабаты мен теңіз түбінде жару жұмыстарын пайдалануға жол берілмейді. Теңіз түбіндегі жару жұмыстары қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады				
84.	Су тарту құрылыстары балық қорғау құрылғыларымен жаратқандырылған жағдайда ғана теңізден су тартуға жол беріледі. Су тарту құрылыстарында балық қорғау құрылғылары жұмысының тиімділігін үздіксіз бақылауға арналған техникалық құрылғылар орнатылуға тиіс				
85.	Мұнай өндіру жөніндегі жұмыстарды бастар алдында жер қойнауын пайдаланушының қаржылай қаражаты есебінен Каспий теңізі солтүстік бөлігінің мемлекеттік қорық аймағында уылдырық шашылуын қорғау және бағалы кәсіпшілік балықтарын молайту жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, қоршаған ортаны, сондай-ақ итбалықтардың тіршілік ету ортасын қорғау жөнінде кешенді бағдарламалар көзделуге тиіс				
86.	Бұрғылық және тампонаждық сұйықтар құрамында техникалық жобада келісілмеген заттар қолданылмауға тиіс. Өзге заттарды пайдаланған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы оларды қолдануды қоршаған ортаны қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен келіседі				
87.	Бұрғылау қондырғылары Халықаралық теңіз ұйымының тұншықтыратын газ шығарындыларының шекті мәндері жөніндегі талаптарына сай келетін іштен жану двигательдерімен жаратқандырылуы қажет				

88.	Энергия қондырғылары іштен жану двигательдерімен немесе қосарлы отын (дизельді отын-газ) турбиналарымен жаратқандырылуға тиіс				
89.	Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде, мұнай мен құрамында мұнай бар жүктерді тасымалдайтын әрбір теңіз құрылысында және әрбір кемеде төгілудің зардаптарын шектеу және жинау үшін материалдар мен абсорбенттер орналастыру				
Теңізде барлау мен өндіру кезіндегі экологиялық талаптар					
90.	Кеме қатынауға болатын акваторийде мұз қабаты болған жағдайда бұрғылау баржасынан немесе платформасынан бұрғылау жұмыстарын жүргізу, көмірсутегінің ықтимал төгілуін тұмшалау үшін қажетті жабдықтары бар мұзжарғыш түріндегі кемеңіз ұдайы бірге болуымен жүзеге асырылуға тиіс. Осы тармақта көрсетілген талап жасанды аралдарда жүргізіліп жатқан бұрғылау жұмысына қолданылмайды				
91.	Жер қойнауын пайдаланушы мұнай операцияларын жүргізу кезінде авариялық төгілулердің алдын алу, шектеу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге тиіс				
Жағалаудағы жаратқандыру базалары мен жағалау инфрақұрылымы объектілеріне арналған экологиялық талаптар					
92.	Порттар мен айлақтарды қоспағанда, жағалаудағы базаларды, оның ішінде жанар-жағар май материалдары қоймаларын, көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету станцияларын салу, қолда бар инфрақұрылымдар пайдаланыла отырып, Каспий теңізі жағалауының су қорғау аймағынан тысқары жүзеге асырылуға тиіс				
93.	Жағалау инфрақұрылымы объектілері жұмыс істеуін аяқтап, олар қайта бөлшектелгеннен кейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес жерді рекультивациялау жүргізілуіне тиіс				
Кеме жүзуіне қойылатын экологиялық талаптар					
94.	Каспий теңізіне өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді экологиялық тексеруден өткізбей пайдалануға жол берілмейді				
95.	Су көлігімен орын ауыстырудың барлық түрлері жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы құрамында табыс етілуіне тиіс. Егжей-тегжейлі жобалау сатысында және жұмысты ұйымдастыру кезінде кемелердің жүзу бағыттарының маусымдар бойынша кестесі белгіленуге және ол картографиялық материалдарда көрсетілуге тиіс. Орын ауыстыру бағыттары таңдалған кезде, мұз қату жағдайларын қоса алғанда, гидрометеорологиялық жағдайлар, сондай-ақ балықтардың бағалы түрлерінің уылдырық шашу және өріс аудару кезеңдері мен орындары, итбалықтардың жатақтары, құстардың ұя салуы ескерілуіне тиіс				
96.	Барлық кемелер отынды жабық алып жүру жүйелерімен, ластанған сулар мен тұрмыстық қоқыстарды жинайтын ыдыстармен жабдықталған, ашық су айдынына төгінділер мен				

	шығарындыларға мүмкіндік бермейтін құрылғыларда жарақталған болуға тиіс				
97.	Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу заңнамасының талаптарына сәйкес сусымалы материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын жабық контейнерлерде және арнаулы ыдыстарда жүзеге асырылуға тиіс				
98.	Теңізде кемелерге май құю отынның және жанар-жағар май материалдарының төгілуі мен ағып кетуін болдырмайтын жүйелердің көмегімен жүргізілуіне тиіс				
99.	Кемелер кеме палубаларының мұнай өнімдерімен ластануына, су айдындарына ластанған сарқынды сулардың ағуына жол бермейтін жабдықпен жарақталуға тиіс				
Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы қоршаған ортаның мониторингі					
100.	Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағы бойынша қоршаған ортаға өндірістік мониторинг жүргізуге міндетті				
101.	Өндірістік мониторинг өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы өткен жылдардағы қадағалаулардың нәтижелерін ескеруі және қадағалауды ұзақ мерзім қатарынан жалғастыру мақсатында жұмыс алаңында (келісімшарттық аумақ шегінде және оның айналасында) орналасқан, жұмыс істеп тұрған станциялардың көрсеткіштерін пайдалануға тиіс				
102.	Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда қоршаған ортаның авариялық ластану салдарының мониторингі кідіріссіз ұйымдастырылуға тиіс				
103.	Жер қойнауын пайдаланушы өндірістік мониторинг нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға беруге міндетті				
Радиоактивті материалдарды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар					
104.	Жеке және заңды тұлғалар радиоактивті материалдарды өндірудің, сақтаудың, тасымалдаудың, пайдаланудың, кәдеге жаратудың және жоюдың белгіленген ережелерін сақтауды, радиациялық әсердің жол берілетін шекті деңгейі нормативтерінің бұзылуына жол бермеуді, қоршаған ортаның радиациялық ластануының алдын алуды және оны жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді				
105.	Қазақстан Республикасының аумағында түзілетін радиоактивті қалдықтардың ықтимал қауіптілігі болуы мүмкін уақыт кезеңі ішінде халық пен қоршаған ортаның радиациядан қорғалуын қамтамасыз еткен жағдайда олардың көмілу жүргізіледі				
Өнеркәсіп және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу кезіндегі жалпы экологиялық талаптар					
	Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар олармен қауіпсіз жұмыс істеу шараларын				

106.	көздеуді, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауды және оларды кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою жөніндегі іс-шараларды орындады қамтамасыз етеді				
107.	Қалдықтарды көму кезінде топырақ сеуіп, тығыздап жабу үшін қауіпсіз қалдықтарды қолдану жағдайларын қоспағанда, қауіпті қалдықтарды қауіпсіз қалдықтармен, сондай-ақ әртүрлі қауіпті қалдықтарды өндіру, тасымалдау және сақтау процесінде оларды өзара араластыруға жол берілмейді				
108.	Қалдықтарды орналастыру мен жою қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен және өзге де арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдерімен айқындалатын орындарда жүргізіледі				
109.	Қалдықтарды қалпына келтіргенге немесе өңдегенге дейін үш жылдан аспайтын немесе оларды көмгенге дейін бір жылдан аспайтын мерзімге қауіпсіз сақтау үшін арналған қалдықтарды уақытша сақтау орындарының бар болуы				
110.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органымен бекітілген қалдықтарды басқару бағдарламасының келесі тұлғаларда бар болуы : I және II санаттағы объектілері бар жеке және заңды тұлғаларда ; қалдықтарды кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді немесе олардың көлемін және қауіпті қасиеттерін өзге де тәсілдермен азайтуды жүзеге асыратын, сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырумен байланысты қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда				
111.	Шаруашылық қызметі процесінде қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалармен қауіпті қалдықтардың паспорты жасалады және бекітіледі				
112.	Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылыс-жайлар мен өзге де объектілерді пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалар: 1) оларды қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою не осы іс-шараларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға беру арқылы оларды азайту жөніндегі шараларды көздейтін қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасын әзірлеуге; 2) ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде қалдықты аз шығаратын технологиялар мен қалдықтардың құралуын төмендету жөніндегі ұйымдастыру шараларын енгізуге ; 3) қалдықтар мен оларды орналастыратын объектілерге түгендеу жүргізуге ; 4) қалдықтар орналастырылған объектілердің аумақтарында қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге; 5) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табыс етуге ;				

	б) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу жөніндегі талаптарды сақтауға және оларды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануға міндетті				
113.	Қалдықтарды орналастыру объектілерінің меншік иелері, сондай-ақ иеленуінде және пайдалануында қалдықтарды орналастыру объектілері бар адамдар осы объектілерді пайдалану аяқталғаннан кейін олардың жай-күйі мен қоршаған ортаға әсерін бақылауды және бүлінген жерлерде рекультивациялау жөнінде жұмыстар жүргізуге міндетті				
114.	Қызмет процесінде қауіпті қалдықтар құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың құралуының тоқтатылуына немесе қысқартылуына және (немесе) олардың қауіптілік деңгейін төмендетуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға тиіс				
115.	Қауіпті қалдықтардың меншік иесі қауіптілік қасиеттерін көрсете отырып, қауіпті қалдықтардың бумасын таңбалауды қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай қалдықтарды басқа тұлғаларға белгілі бір мерзімге берген кезде қалдықтардың меншік иесі оларды осы қалдықтардың қауіпті қасиеттері туралы және олармен жұмыс істеу кезінде сақтық шаралары туралы жазбаша нысанда хабарлайды				
116.	Қауіпті қалдықтарды арнайы жабдықталған жерлерге орналастыруға рұқсат етіледі және ол экологиялық рұқсаттарда көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады				
117.	Полигонның иесі учаскеде қабылданған қалдық тобының алынғанын жазбаша растауды тұрақты түрде қамтамасыз етуге және осы құжаттаманы бес жыл бойы сақтауды қамтамасыз етуге міндетті				
118.	Қауіпті қалдықтар орналастырылған жер қалдықтың түрі, оның қауіптілік деңгейі және көмілген күні көрсетіле отырып, жақсы көрінетін жерде айырым белгілерімен белгіленуге жатады				
119.	Қауіпті қалдықтарды жинауды, кәдеге жаратуды, тасымалдауды және орналастыруды жүзеге асыратын кәсіпорындар төтенше және авариялық жағдайлар кезінде іс-қимылдар жоспарларын әзірлейді				
120.	Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау пункттері жойылуы қиын органикалық ластауыштардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін болғызбауды қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталуға тиіс				
121.	Қалдықтарды сақтау кейіннен кәдеге жарату, өңдеу немесе түпкілікті көму мақсатында әрбір қалдық түрлері үшін белгіленген кезеңге арнайы жабдықталған жерлерде (алаңдарда, көмбелерде, қоймаларда) жүргізіледі				
122.	Қалдықтарды көму арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі				
123.	Қауіпті қалдықтарға залалсыздандыру, қалыпты жағдайға келтіру және қалдықтардың қауіпті қасиеттерін төмендететін басқа да әсер ету тәсілдері қолданылуға тиіс.				
	Әрбір полигон олардың қоршаған ортаға теріс әсерінің алдын алу үшін атмосфералық шығарындылардың (қоқыс газы),				

124.	сақтауға қойылған қалдықтарда құралатын сүзінді судың және сарқынды сулардың мониторингі жүйесімен жабдықталуға тиіс				
125.	Полигонның иесі биологиялық іритін қалдықтарды көму көлемін азайту және қоқыс газды бақылау мен кәдеге жарату жүйелерін енгізу арқылы полигонда метанның құралуын азайту жөнінде шаралар қабылдауға тиіс				
126.	Қоршаған ортаның ластануын болдырмау үшін полигонның иесі қалдықтарды сыныптау негізінде қабылдаудың бірдейлендірілген рәсімін енгізуге тиіс				
127.	Қалдықтарды көму полигонының қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген мерзімде учаскені экологиялық талаптарға сәйкес келтіру жөніндегі жоспар негізінде жүзеге асырылады				
128.	Полигонның меншік иесі полигон жабылғаннан кейін жерлерді рекультивациялау жөніндегі іс-шараларды және қоршаған ортаға әсердің мониторингін жүргізу үшін тарату қорын құрады. Жою қоры жоқ полигонды пайдалануға жол берілмейді				
129.	Көму үшін қабылданатын қалдықтарды қабылдау мен сыныптау рәсімін полигон иесі белгілейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі				
130.	Полигонның иесі бақылау және мониторинг нәтижесінде анықталған, қоршаған ортаға қолайсыз әсер туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге, сондай-ақ қабылданылатын түзету шараларының сипаты мен мерзімдерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісуге тиіс				
131.	Бақылауды, мониторингті және (немесе) талдауды аккредиттелген зертханалар орындауға тиіс				
132.	Сүзінді су мен жер бетіндегі судың сынамасы репрезентативті пункттерде іріктелуге тиіс. Сүзінді суды іріктеу мен оның көлемін және құрамын өлшеуді жүзеге асыру учаскенің сүзінді су құралатын әрбір пунктінде жеке орындалуға тиіс				
133.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының әрбір секциясы үшін газ мониторингі жүргізу				
134.	Өлшенетін параметрлер мен талданатын заттар орналастырылатын қалдықтардың құрамына қарай түзетіледі				
135.	Жер асты суларынан алынған сынамаларда талданатын параметрлер осы жердегі сүзінді судың күтіліп отырған құрамына және жер асты суларының сапасына негізделуге тиіс . Талдама есебі үшін параметрлерді таңдау процесінде жер асты суларының жылдамдығы мен ағыс бағыты айқындалуға тиіс				

136.	Қалдықтарды көму жөніндегі полигонды (полигонның бөлігін) жабуға экологиялық рұқсат алынғаннан кейін ғана жол беріледі				
137.	Полигон (полигонның бөлігі) жабылғаннан кейін полигонның иесі аумақты рекультивациялауды жүзеге асырады және 1-сыныптағы полигондар үшін - отыз жыл бойы, 2-сынып полигондары үшін жиырма жыл бойы қоқыс газдың және сүзінді судың шығарындыларына мониторинг жүргізеді				
138.	Полигонның иесі жобаның шарттарына сәйкес полигонды (полигонның бір бөлігін) рекультивациялауды орындағаннан кейін және орындалған жұмыстар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен қабылдау комиссиясының актісімен қабылданғаннан кейін қоршаған ортаға мониторинг жүргізуді тоқтатады				
Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптар					
139.	Жер үсті суларының, ызасулардың және жер асты суларының радиоактивті ластану есебі ерітінділердің сүзілуінің және ластанудың жылдамдығын, олардың таралу қабілеттерін және су сиятын тау жыныстарының сорбциондық мүмкіндіктерін айқындау үшін орындалатын арнайы гидрологиялық және гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу негізінде орындалады				
Парниктік газдардың және озонды бұзатын заттардың шығарындыларына жол берілетін шаруашылық және өз қызметке қойылатын жалпы талаптар					
140.	Озонды бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізу, құрамында озонды бұзатын заттар бар жабдықты жөндеу, монтаждау, оған қызмет көрсету қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады				
Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу					
141.	Қызметін экономиканың мұнай-газ, энергетика, тау-кен металлургиясы, химия салаларында, ауыл шаруашылығында және көлікте жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың парниктік газдар шығарындыларын жылына көміртегі костотығының жиырма мың тоннасына тең келетін мөлшерден асатын парниктік газдар шығарындыларына квоталар алмай қызметті жүзеге асыруына жол берілмейді. Тиісті кезеңдегі парниктік газдар шығарындыларына сертификатта белгіленген квотадан асып түсуге жол берілмейді				

Лауазымдық тұлға (тұлғалар): _____

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

_____ (лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

Тексерілетін субъектінің басшысы: _____

(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

э к о н о м и к а

м и н и с т р і н і ң

міндетін	атқарушысының			
2015 жылғы	30	маусымдағы	№	474
және	Қазақстан	Республикасы		
Энергетика	министрінің			
2015 жылғы	24	маусымдағы	№	431
бірлескен бұйрығына 3-қосымша				

Күші жойылды деп танылатын кейбір бірлескен бұйрықтардың тізбесі

1. «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2011 жылғы 11 тамыздағы № 213-ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 12 тамыздағы № 243 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7158 тіркелген, 2011 жылғы 04 қазанда № 474-478 (26870) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

2. «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі тексеріс парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 232-ө және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 293 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7222 тіркелген , 2011 жылғы 22 қазанда № 508-509 (26901), 2011 жылғы 27 қазанда № 517 (26909) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған);

3. «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі тексеріс парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 232-Ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 293 бірлескен бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 315-Ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2012 жылғы 31 қазандағы № 300 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8122 тіркелген, 2013 жылғы 27 ақпан № 76 (28015) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК